

ТЕКСЕРІЛДІ:

Утверждено
методист
Д.Мухом

13.03.2026 ж.

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің
«Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы
(оқыту басқа тілде жүргізілетін топтар)**

Мектепке дейінгі ұйым: «Балажан» бөбекжай-балабақшасы

Топтар: «Звездочки» ересек тобы

«Лучики» мектепалды тобы

Балалардың жасы: 3 жастағы, 4 жастағы, 5 жастағы балалар

Жоспар қандай кезеңге жасалды: 16.03 – 20.03. 2026 жыл (3-апта) Апта дәйексөзі «Ар-намыс қана тәуелсіздікке тірек бола алады»

Күн тәртiбi	Дүйсенбi 16.03	Сейсенбi 17.03	Сәрсенбi 18.03	Бейсенбi 19.03	Жұма 20.03
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	«Қазақ тілін үйренеміз» ата-аналарға арналған ақпарат бұрышына: «Наурыз», «Көктем»				
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық	Ұйымдастырылған іс-әрекетке қауіпсіз ойыншықтар мен ойын жабдықтарын таңдау. Қауіпсіз ойын алаңдарын ұйымдастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекет басталар алдында үнемі күй қою: «Кең жайлау» күйі https://music.kz/mp3/asylbek-ensepov-adaj-ken-zhajlau/16467 «Күй күмбірі» күй тыңдау				
Сөздік минимум	Наурызда киіз үй құрады. Киіз үй, кереге, шаңырақ, уық, сандық, кілем		Су, ет, арпа, тары, күріш, сүт, тұз		
Кестеге сәйкес «Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекеті	Мектепалды тобы Тақырыбы: «Наурыз мерекесі» Міндеттері: қазақ тіліндегі берілген сөздерді дұрыс айта білуді және ол сөздерді қолдануды үйрету; сөз ішіндегі қазақ тіліне тән қ, і, ы,		Мектепалды тобы Тақырыбы: «Наурызкөже» Міндеттері: қазақ тіліндегі берілген сөздерді дұрыс айта білуді және ол сөздерді қолдануды үйрету; сөз ішіндегі қазақ тіліне тән қ, і, ы, ұ, ғ дыбыстарын дұрыс айтуға		

	<p>ұ, ғ дыбыстарын дұрыс айтуға дағдыландыру; наурыз мерекесіне байланысты атауларды айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру; қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру, диалогке қатысуға үйрету.</p> <p>Балалар, қазір қай жыл мезгілі? Қазір көктем мезгілі. Көктем мезгілінде неше ай бар? Көктем мезгілінде үш ай бар: наурыз, сәуір, мамыр. Көктемде қар ери бастайды. Құстар ұшып келеді. Көктемде ағаштар бүршік атады. Қызғалдақтар гүлдейді. Наурыз айында қандай мерекені тойлаймыз? Наурыз мерекесін. Наурыз – көктемгі Жаңа жыл. Бұл көне және әдемі мереке. Бұл мерекені адамдар қалай тойлайды? Наурыз мерекесінде киіз үйлер тігіледі.</p> <p>Бейнежазба көру «Киіз үй құру» Суретгермен жұмыс «Киіз үй» Енді киіз үй сүйектерін есте сақтайық. Мынау – киіз үй. Мынау – шаңырақ . Мынау – уық. Мынау – кереге.</p>		<p>дағдыландыру; наурыз мерекесіне байланысты атауларды айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру; қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру, диалогке қатысуға үйрету.</p> <p>– Балалар, қазір жылдың қай мезгілі? Көктем мезгілі. – Дұрыс. – Оны қайдан білдіңдер? Күн жылынды, қар еріді. – Жарайсыңдар! – Табиғатта тағы қандай өзгерістерді байқадыңдар? – Жылы жақтан құстар ұшып келді, ағаштар бүршік атты. – Көктем мезгілінде қандай мерекелер болады? Аналар мерекесі, Наурыз мерекесі. – Жарайсыңдар! – Наурыз мерекесі туралы не білеміз? – Наурыз мейрамында адамдар бір-біріне жылы тілектер айтады. – Наурыз мейрамында халық не істейді? – Халық дастарқан жайып, бір-бірін қонаққа шақырады. – Дастарқанға не қояды? – Дастарқанға наурыzkөже пісіріп қояды. Бауырсақ пен шелпек, құрт, талқан қояды. – Жарайсыңдар, балалар! Қазір ауылдағы Еркежан әжеге қонаққа барайық. Әжені мерекемен құттықтайық. Ауылға атқа мініп барайық.</p>		
--	---	--	---	--	--

	<p>Мынау – сықырлауық. Бұл күні наурызкөже дайындайды, ұлттық киім киеді, ұлттық ойын ойнайды.</p> <p>Ұлттық ойын: «Тақия тастамақ» Балалар шеңбер бойымен отырады. Педагог жүргізуші баланы сайлайды. Оған ойынды бастауға көмектеседі. Балалардың барлығы жүргізушімен бірге ойын сөздерін қайталап айтады, ал жүргізуші шеңбер сыртын айнала жүріп, бір баланың басына тақияны байқатпай кигізе салып қаша жөнеледі, бір айналып келіп, тақия кімнің қолында болса, сол баланың орнына отыра қалуға тырысады. Үлгермесе педагогтің берген тапсырмасын орындайды.</p> <p>Ойын сөздері: Бір ойым бар, бір ойын бастамақ, Аты оның тақия тастамақ!</p> <p>Бейнежазба көру «Қыз қуу» Тақпақ жаттау Наурыз тойы — тамаша, Наурыз тойы — жаңаша. Табиғат та тамаша, Тамылжып тұр жараса.</p> <p>Қорытынды Ләпбук «Киіз үй» Киіз үй сүйектері атауларын еске түсіріп, белсенді болған балаларды мақтайды.</p> <p><u>Ересек топ</u> Тақырыбы:</p>		<p>(Ойыншық атқа орындықтардан арба жасап қояды. «Тұлпарым» әні қосылады. Педагог балалармен бірге әуенге ілесіп, бір шумағы мен қайырмасын айтады.)</p> <p>Ауылға келеді – Балалар, әжемізбен амандасайық. Балалар: – Сәлеметсіз бе! Әже: – Сәлеметсіңдер ме, балалар! Әже Наурыз мейрамында қандай тағамдар дайындағанын және дастарқанды қалай әзірлейтіні жайлы айтады. Еркежан әже: – Мен қонақтарға арнап ет пен қазы, шұжық асып қойдым. Дастарқанға май, қаймақ, құрт, бауырсақ, жент, қатық қойдым. Ал, Наурызкөжені сендер келгенде бірге дайындайық деп күттім. Маған көмектесіңдер ме, балалар? – Иә. – Наурызкөжеге не салу керектігін білгілерің келе ме? – Иә. – Менің жұмбақтарымды шешсеңдер, не салу керектігін білетін боласыңдар.</p> <p>Жұмбақ жасыру. Өзі ащы, Бірақ, Дәмді етер асты. (Тұз.) Сылдыр сұйық, ағады, Ақ болса да қар емес, Шешуін кім табады? (Сүт.) Шиге жайып кептірген, Өзі қышқыл, түсі ақ,</p>		
--	---	--	---	--	--

	<p>«Наурыз мерекесі» Міндеттері: қазақ тілінің төл дыбыстарын дұрыс айту дағдыларын қалыптастыру; қарапайым сұрақтарға жауап беруді үйрету; қарапайым сөйлемдер құра білуге үйрету. Балалар, қазір қай жыл мезгілі? Қазір көктем мезгілі. Көктемде қар ери бастайды. Құстар ұшып келеді. Қызғалдақтар гүлдейді. Наурыз айында қандай мерекені тойлаймыз? Наурыз мерекесін. Наурыз – көктемгі Жаңа жыл. Бұл көне және әдемі мереке. Бұл мерекені адамдар қалай тойлайды? Наурыз мерекесінде киіз үйлер тігіледі. Бейнежазба көру «Киіз үй құру» Суреттермен жұмыс «Киіз үй» Енді киіз үй сүйектерін есте сақтайық. Мынау – киіз үй. Мынау – шаңырақ . Мынау – уық. Мынау – кереге. Мынау – сықырлауық. Бұл күні наурызкөже дайындайды, ұлттық киім киеді, ұлттық ойын ойнайды. Ұлттық ойын: «Тақия тастамақ»</p>		<p>Сорсаң дәмді, түсі ақ, Жаңғақтай - ақ домалақ. (Құрт.) Аспан түстес сұйық, Әркім ішер құйып. (Су.) Жесең тісіңе кіреді, Жемесең түсіңе кіреді. Өзін жейсің, сорпасын ішесің. (Ет.) – Жарайсыңдар! Міне, балалар, көжеміз де дайын болды. Наурызкөжені жақсы тілектер айтып, асықпай ішу керек.</p> <p>Суреттермен жұмыс «Наурызкөже құрамы» Наурызкөже құрамын есте сақтайық. Оған 7 тағам қосылады. 7 саны киелі сан. Мынау – су. Мынау – сүт. Мынау – ет. Мынау – күріш. Мынау – арпа. Мынау – тары. Мынау – тұз. Мынау – тостаған. Наурызкөже осындай тостағандарға құйып берген.</p> <p>Бата жаттау Ұлыс оң болсын, Ақ мол болсын. Қайда барса жол болсын! Ұлыс бақты болсын, Төрт түлік ақты болсын!</p> <p>Қорытынды: Лэпбук «Киіз үйдегі дастарқан» Наурызкөже құрамындағы атауларды еске түсіріп, белсенді болған балаларды мақтайды.</p>		
--	---	--	--	--	--

	<p>Балалар шеңбер бойымен отырады. Педагог жүргізуші баланы сайлайды. Оған ойынды бастауға көмектеседі. Балалардың барлығы жүргізушімен бірге ойын сөздерін қайталап айтады, ал жүргізуші шеңбер сыртын айнала жүріп, бір баланың басына тақияны байқатпай кигізе салып қаша жөнеледі, бір айналып келіп, тақия кімнің қолында болса, сол баланың орнына отыра қалуға тырысады. Үлгермесе педагогтің берген тапсырмасын орындайды.</p> <p>Ойын сөздері: Бір ойым бар, бір ойын бастамақ, Аты оның тақия тастамақ!</p> <p>Тақпақ жаттау Наурыз тойы — тамаша, Наурыз тойы — жаңаша. Табиғат та тамаша, Тамылжып тұр жараса.</p> <p>Қорытынды Лэпбук «Киіз үй» Киіз үй сүйектері атауларын еске түсіріп, белсенді болған балаларды мақтайды.</p>				
--	--	--	--	--	--

<p>Балалармен жеке жұмыс (сөздік минимум, диалогтар, тақпақ, өлең жаттау, баяу қимылды ойындар, ұлттық ойындар, ертегі рөлдерін дайындау)</p>	<p><u>Ересек топ</u> Тақпақ жаттау Наурыз тойы — тамаша, Наурыз тойы — жаңаша. Табиғат та тамаша, Тамылжып тұр жараса</p> <p>«Менің Қазақстаным» ҚР Гимні орындау «Біртұтас тәрбие» жоспары бойынша</p> <p><u>Мектепалды топ</u> Ойын сөзін жаттайық! Бір ойым бар, бір ойын бастамақ, Аты оның тақия тастамақ!</p>		<p><u>Мектепалды топ</u> Сергіту сәті Қане, қане, тұрындар, Үлкен шеңбер құрындар. Қолдарыңмен көк тіреп, Киіз үйді құрындар.</p>		
		<p>«Тақия тастамақ» Балалар шеңбер бойымен отырады. Педагог жүргізуші баланы сайлайды. Оған ойынды бастауға көмектеседі. Балалардың барлығы жүргізушімен бірге ойын сөздерін қайталап айтады, ал жүргізуші шеңбер сыртын айнала жүріп, бір баланың басына тақияны байқатпай кигізе салып қаша жөнеледі, бір айналып келіп, тақия кімнің қолында болса, сол баланың орнына отыра қалуға тырысады. Үлгермесе педагогтің берген тапсырмасын орындайды.</p> <p>Ойын сөздері: Бір ойым бар, бір ойын бастамақ, Аты оның тақия тастамақ!</p> <p style="text-align: center;">«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» балалармен ұлттық ойындар ойнау</p>			